«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы,
130000, Ақтау қаласы, 23 шағын аудан, №100 ғимарат,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

Республика Казахстан, Мангистауская область,
130000, город Актау, 23 микрорайон, здание №100,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

02-9/1478 №
03.03.2018 ж

«Аяулым» ЖК-не
Актау қ, 22 ш/а, 8 үй 23 кеңсе.

Маңғыстау облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит Департаменті *(бұдан әрі - Департамент),* Сіздің 16.02.2018 жылғы №15 санды шағымыңыз бойынша «Маңғыстау облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-нің *(бұдан әрі - Ұйымдастырушы)* тарапынан №2168054-1 санды «Қошқар-Ата" қалдықтар қоймасы айналасында 30 га аумаққа жасыл қорғаныш зонасын құру, (2018-2020)» жөніндегі өткізілген мемлекеттік сатып алуына камералдық тексеру жүргізіліп келесіні хабарлайды.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы *(бұдан әрі – Заң)* 10-бабының 1-тармағының 3-тармақшасында біліктілік талаптары бойынша анық емес ақпарат беру фактісі анықталғанда біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп танылады

Сәйкесінше, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру Қағидаларының *(бұдан әрі - Қағида),* 150-тармағында, конкурстық құжаттамада көрсетілген, ***шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін*** жеткілікті материалдық және ***еңбек ресурстарына*** ие болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес, болмаған жағдайда, конкурсқа қатысуға жібермейтіні көрсетілген.

Конкурсты ұйымдастырушының 14.02.2018 жылғы №2168054-1 санды қортындысы туралы хаттамсына сәйкес, «Аяулым» ЖК-і, конкурстық құжаттамада көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті, тиісті материалдық және еңбек ресурстарының болуы бөлгінде біліктілік туралы мәліметінде көрсетілген қызметкер Д.Кадырбаева, көгалдандыру жөніндегі шебер деп көрсетілген қызметкер «Қала жолдары» ЖШС-де қызмет жасайтындығы жөнінде түсініктеме көрсетілген және көгалдандыру жөніндегі жұмысшы Р.Көшеровтың түсніктемесіне сәйкес қазіргі уақытта жұмыссыз еңбек міндеттемелерін орындау алдында «Аяулым» ЖК-і дұрыс емес ақпарат ұсыну деген себептермен жіберілмеген.

Департамент тарапынан, «Аяулым» ЖК-нің біліктілік туралы мәліметінде көрсетілген Д.Қадырбаева «Қала Жолдары» ЖШС-де жұмыс жасайтындығы немесе жасамайтындығы жөнінде 28.02.2018 жылы №02-9/424 санды хатпен ақпарат сұратылған болатын.

«Қала Жолдары» ЖШС-нен 01.03.2018 жылы №01-144 санды хатпен жауап алынып аталған қызметкер Д.Қадырбаева «Қала Жолдары» ЖШС-де тұрақты түрде жұмыс жасайтындығы анықталды.

Сонымен қатар, Заңның 11-бабының 2-тармағына сәйкес, әлеуетті өнім беруші ұсынатын ақпараттың анықтығын тапсырыс беруші, ***мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы***, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы, уәкілетті орган не мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың ***кез келген*** сатысында анықтай алатыны көрсетілген.

Осыған орай, «Аяулым» ЖК-і біліктілік туралы мәліметте көрсетілген қызметкерлер бойынша анық емес ақпарат бергені үшін жіберілмеуі ***негізді*** болып табылады.

Нәтижесінде, Сіздің шағымыңызда көрсетілген мән жайлар бойынша заң бұзушылықтар анықталған жоқ.

Одан бөлек, камералдық бақылау нәтижесімен, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы тарапынан Заңның 9-бабының 3-тармағымен Қағиданың 150-тармағы бойынша заң бұзушылықтар анықталды.

Анықталған бұзушылықтар бойынша ұйымдастырушыға камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жіберілді.

Егер, қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының 12.01.2007 жылғы №221 санды «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 10, 12-бабтарына сәйкес, өтінішіңізге жауап мемлекеттік тілде беріледі және өтініштерді қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімдерге келіспеген жағдайларда шағым жасауға құқылы екендігіңіз қаперіңізге беріледі.

Департамент басшысы **С.Қасымов**

Орын: Е.Башагулов
Тел 31-90-92.